

## Список литературы:

1. Указ Президента Республики Казахстан от 24 августа 2009 года № 858 О Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года // <http://online.zakon.kz/>
2. Богуславский М.М. Международное частное право: 5-е изд., перераб. и доп. - М.: Юристъ, 2005. — 604 с.
3. Белов А. Применимое право во внешнеэкономических сделках // Право и экономика.- 1998. №9. - С. 45-53
4. Гражданский кодекс Республики Казахстан от 27 декабря 1994 года (с изменениями и дополнениями по состоянию на 26.07.2016 г.) // <http://online.zakon.kz/>
4. Ануфриева Л.П. Международное частное право: В 3-х т. Том 1. Общая часть: Учебник. — М.: Издательство БЕК, 2002. — 288 с.

## ЗАҢДЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК ҰҒЫМЫНА ЗАМАНАУИ КӨЗҚАРАСТАР

*Ахметова Н.С., з.ғ.к., мемлекет және құқық теориясы және тарихы кафедрасының профессоры  
Қайырбек М.С., заң факультетінің магистранты, Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Заң әдебиеттеріндегі заңдық жауапкершілік жайлы айтпас бұрын, жауапкершіліктің жалпы түсінігі, оның түрлері, қоғамдағы ролі мен қызметі туралы айтып кету керек.

«Жауапкершілік» сөзінің түп негізі «жауап беру» деген сөден бастау алады. Жауапкершіліктің бірыңғай түсінігі жоқ.

Жауапкершілік — адам бойындағы белгілі бір істі, өзіне тапсырылған міндетті орындап, жүзеге асыруынан байқалатын адамгершілік қасиет; тұлғаның қоғамда немесе ұжымда қабылданған әлеуметтік, өнегелі және құқықтық нормалар мен ережелеріне, борыш сезіміне сәйкес өз қызметін бақылау қабілеттілігі.

Адамның қоғам алдындағы азаматтық борышын атқарумен бірге, өзіне жүктелген жауапкершілікті орындап шығуы оның кісілік беделін қалыптастырып, іскерлігін шыңдайды. Әр адам ерік-жігеріне, қайраты мен табандылығына қарай жауапкершілікті әрқалай сезінеді. Философтар жауапкершілік - бұл тұлғаның басқа тұлға алдындағы немесе қоғам алдындағы борышы деген түсінікке басымдық береді. В.П.Тугаринов: «жауапкершілік – тұлғаның өз әрекетінің нәтижесін болжай алу мүмкіндігі, осыдан әрекетінің қоғамға келтірген пайдасын не зиянын анықтай білуі», деген пікірде. Бұл жағдайда жауапкершілік субъективті түрде қарастырылады [1, 23].

Жауапкершілік деген түсінік көп мағыналы. Ол саяси, моральдық, заңдық, экономикалық болуы мүмкін. Жауапкершілік – бұл әлеуметтік құбылыс. Осы әлеуметтік құбылыстың маңызды бөлігі - заңдық жауапкершілік институты болып табылады.

Заңдық жауапкершілік заң ғылымдарының негізін қалаушы түсініктердің бірі. Оны зерттеу барысында әлеуметтік және заңдық жауапкершіліктің арақатынасы диалектикалық байланыстағы жалпы мен жалқының арақатынасындай екенін ескеруіміз керек. Жауапкершіліктің түрлері әлеуметтік жауапкершіліктен бастау алады. Әлеуметтік жауапкершілікке тән белгілер, жаңа қасиеттер, нысандар оның жеке түрлеріне де тән.

Тұлғаның әрекеттерін іске асырған және болашақта жүзеге асырылатын деп бөлеміз. Жауапкершілік өткен әрекеттер мен қатар болашақта жүзеге асатын әрекеттер үшін туындайды. Осыдан жауапкершілікті екі тұрғыдан қарастыруға болады: әлеуметтік нормаларға қарсы келетін (негативті), өткен әрекеттер үшін жауапкершілік – ретроспективті жауапкершілік; болашақтағы әрекеті үшін жауапкершілік – перспективті (позитивті) жауапкершілік. Кейбір ғалымдар позитивті және негативті жауапкершілікті «алдын ала» және «кейінгі» деп қарастырады. Позитивті жауапкершілікті әлеуметтік тұрғыдан және заңдық тұрғыдан қарастырудың теоретикалық маңызы ғана емес, сонымен бірге, тәжірибелік маңызы да бар. Себебі, қоғамдық және мемлекеттік мәжбүрлеуді қолданбай-ақ позитивті жауапкершілік арқылы негативті жауапкершіліктің алдын алу экономикалық жағынан тиімді. Әлеуметтік ауытқулардың алдын алу әлеуметтік пайдалы, қоғаммен мақұлданған әрекеттердің қамтамасыз етілуі мен қалыптасу механизміні зерттеуді қамтамасыз етеді.

Тұлғаның жауапкершілігі сияқты қоғам мен мемлекеттің жауапкершілігі әлеуметтік сипатта болады. Ол қоғамдық қарым-қатынастың түрімен, тұлғаның ерекшелігімен, оның қоғамдық қатынастар жүйесіндегі алатын орнымен, қоғамның өзіндік ерекшеліктерімен анықталады. Жауапкершілікті жалпы-методологиялық түсінік ретінде қарастырсақ, әлеуметтік

жауапкершіліктің екі қосалқы жүйеге бөлінетінін көреміз. Біріншісінде, жауапкершілік ретроспективті тұрғыда, қоғам мүддесіне қайшы келетін, әлеуметтік есеп беруші және әрекет үшін санкция ретінде қарастырылады. Екіншісінде, азаматтар арасындағы, ұжым арасындағы, қоғам арасындағы, тұлға мен қоғамның қызметтерінің мүдделеріне негізделген, саналы өзара қарым қатынастардан тұрады [2, 326]. Әлеуметтік жауапкершіліктің күрделі бірақ, ауқымды түсінігін Р.Л.Хачатуров берген. Оның ойынша, әлеуметтік жауапкершілік «қоғамдық қатынастар субъектілерінің әлеуметтік норма талаптарын сақтауы, ал егер қоғам нормаларына сай келмейтін жауапсыз, қоғамдық тәртіпті бұзатын әрекеттер жасаса, жеке немесе мүлктік шектеулер қою» [3, 420]. Бұл анықтамада жауапкершіліктің позитивті және негативті жақтары айтылған. Сонымен қоса, позитивті жауапкершіліктің негізі болып субъектінің қоғамдық қатынастар нормаларын сақтауы, яғни, әлеуметтік пайдалы, қоғаммен жақталатын іс-қимыл танылады. Тұлғаның әрекеттерінен оның қалыптасқан әлеуметтік нормаларға деген қатынасын байқаймыз. «Позитивті жауапкершілік қоғам алдындағы борыш, субъектінің әлеуметтік нормалар талаптарына сәйкес әрекет етуге міндеттілігі ретінде көрініс табады» [4, 135]. Позитивті әлеуметтік жауапкершілікте борыш және міндет, сондай-ақ субъектінің әлеуметтік маңызды әрекеті көрініс табады. Осының барлығы әлеуметтік жауапкершіліктің статистикалық және динамикалық қырларын қалыптастырады.

Әлеуметтік жауапкершілік бұл – тұлға мен қоғам арасындағы диалектикалық өзара байланыс, әлеуметтік нормалардағы өзара құқықтар мен міндеттерді орындаумен сипатталатын, оларды орындаған жағдайда, қоғаммен құпталатын, ал егер аталған нормаларға сай емес жауапсыздық танытқан жағдайда, жауапкершіліктің жағымсыз жақтары туындайды.

Зандық жауапкершілік әлеуметтік жауапкершіліктің бір түрі болғандықтан, оның түсінігі әлеуметтік жауапкершіліктің жалпы түсінігінен туындайды. Ол жауапкершіліктің басқа түрлері сияқты болашақта жасалатын әрекеттер үшін жауапкершіліктен (позитивті жауапкершілік) және өткен уақыттар жасалған әрекеттер үшін жауапкершіліктен (негативті жауапкершілік) тұрады. Зандық жауапкершіліктің әлеуметтік жауапкершіліктің басқа түрлерінен айырмашылығы - ол әлеуметтік жауапкершіліктің жалпы қасиеттеріне қайшы келмеуінде. Зандық жауапкершіліктің ерікті орындалуын жоққа шығарсақ, зандық жауапкершіліктің әлеуметтік жауапкершіліктің түріне жатпайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін жүйеге кімейтін «әлеуметтік емес» құбылыс деп айтқанмен бірдей.

Әлеуметтік-философиялық әдебиеттерде жауапкершілік жайлы айтылғанның барлығы оның позитивті аспектісін қалыптастырады. Бірақ әлеуметтік жауапкершіліктің позитивті аспектілерімен қоса ретроспективті аспектілері бар. Әлеуметтік ретроспективті жауапкершілік әлеуметтік нормаларды бұзған үшін жауапкершілік болып табылады. Оның орын алуы құқық бұзушы үшін жағымсыз салдарлар туғызады. Онда жасалған құқық бұзушылық фактісіне қоғам мен мемлекет тарапынан қолданылатын шаралар орын алады. Осының өзінде жауапкершіліктің басты белгісі - позитивті мағына болып отыр [4, 64]. Зандық жауапкершілік әлеуметтік жауапкершіліктің бір түрі болғандықтан, жауапкершіліктің басқа түрлернен (саяси, моральдық, т.б.) жекелеген жағдайларда мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қамтамасыз етіп, нормативті талаптарға негізделіп ерекшеленгендігімен, оған да позитивті және ретроспективті аспектілер тән.

Сол себептен, заң әдебиеттеріндегі зандық жауапкершілік тенденциясына тән позитивті, сондай-ақ, ретроспективті аспектілерді қарастыру құрылымды болып табылады. Бұл зандық жауапкершіліктің табиғатын зерттеу барысында оның әлеуметтік-философиялық түсінігімен байланысты. Бұл тәсіл зандық жауапкершілікті жауапкершіліктің басқа түрлерінен ерекшелендіреді.

Зандық жауапкершілікке байланысты сұрақтар құқықтың жеке салаларының әдебиеттерімен қоса құқықтың жалпы теориясымен байланысты материалдарда да қарастырылады. Зандық жауапкершілік түсінігін өз еңбектерінде С.С.Алексеев, С.Н.Братусь, М.М.Агарчков, И.А.Гурвич, О.Э.Лейст, Б.М.Лазерев, В.М.Чхиквадзе, қазақстандық ғалымдардан: О.Ф.Иваненко, Б.Т.Базылев және т.б. қарастырған. Зандық жауапкершілікке құқықтанушы ғалымдар әркім өзіндік түсініктерін берген.

Қазіргі таңда көптеген құқықтың жалпы теориясын зерттейтін және салалық заң ғылымдарын зерттейтін ғалым-мамандар зандық жауапкершіліктің құрылымын тек құқық бұзушылықтың салдары ғана емес, кең мағынада қарастыруды қолдауда. М.С.Строговичтың айтуынша: «зандық жауапкершілік бұл тұлғаның ең алдымен өзінің міндеттеріне деген көзқарасы, тұлғаның өзіне заңмен жүктелген міндеттерді дұрыс орындауы... Егер де міндет орындалмаған жағдайда, жауапкершілік туындайды, яғни, жағымсыз салдарлар – мәжбүрлеу, жазаға тарту, өндіріп алу,

және т.б.» [6, 75]. П.Е.Недбайлоның ойынша: «тұлғаның позитивті жауапкершілігі ол өзінің міндеттерін орындамағанда ғана емес, орындауға кіріскен кезде туындайды», - деген [7, 51].

Б.Л. Назаров позитивті аспектіні құқықтық тәртіптің бұзылуының нәтежиесі емес, қоғам мен азаматтардың өз борышын, міндеттерін, жағымды қоғамдық рөлдерді атқаруға итермелеуші құрал деген [8, 29]. Ал В.Н. Смирнованың пікірінше позитивті аспект ол тек тұлғаның өзіне жүктелген міндеттерді орындаудан ғана емес, сол міндеттерді мүлкісіз орындаудан көрініс табады [9, 191].

О.С. Иоффе және М.Д. Шаргородский заңдық жауапкершілік үш элементтің үйлесімінен тұрады деп айтқан. Заңдық жауапкершілікті мемлекеттік *мәжбүр ету* шарасы ретінде, құқық бұзушының әрекетін заңдық және қоғамдық тұрғыда *айыптау* және оған деген жағымсыз әсері ретіндегі *жеке немесе мүлкітік шектеулер* қоюдан көрініс табады.

С.С. Алексеев 70-жылдары заңдық жауапкершіліктің табиғаты ретінде тұлғаның жасалған құқық бұзушылықтары үшін мемлекеттік-мәжбүрлеу шараларымен қақтығысуы деп айтқан болатын. С.С.Алексеевтің пікірімен О.Ф.Иваненко да келіскен: «заңды жауапкершілік – құқық бұзушының жағымсыз салдарға төзуі, белгілі бір мемлекеттік мәжбүрлеу нысанын өз басынан өткізуі», - деген.

Ал, Б.Т.Базылев «заңды жауапкершілік өз табиғаты бойынша қорғаушы құқықтық қатынас, ал сыртқы пішіні – жазалаушы құқықтық байланыс. Заңды жауапкершілік – бұл да міндет, бірақ, егер тұлға бұл жүктелген міндетті ерікті түрде орындамаса, мәжбүрлеп орындайды», - дейді.

Заңдық жауапкершіліктің жауапкершіліктің өзге түрдерінен айырмашылығы - заңдық жауапкершіліктің негізіне, құқыққа қарсы әрекет, яғни, құқық бұзу жатады.

Заңды жауапкершілік – бұл құқықбұзушылық жасаған тұлғаларға заңнамамен көзделген мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының белгілі бір іс жүргізушілік тәртіпте қолданылуы. Заңдық жауапкершіліктің маңызды белгісі мемлекетпен белгіленеді және құзыреті бар мемлекет органдарымен қолданылады. Құқықбұзушыға заңдық жауапкершілік, оған құқық нормаларының жазасымен, онда көрсетілген тағы басқа жауапкершілік шараларын қолдану. Заңдық жауапкершілік - өте қиын әлеуметтік-құқықтық құбылыс. Оған аз дегенде екі жақ қатысады - мемлекет және құқық бұзушылар. Олардың арасында құқық қорғау қатынасы пайда болады, онда мемлекет өзінің құзыретті органдары арқылы, өкілетті жақ есебінде көрінеді, ал құқық бұзушы міндетті субъект ретінде болады. Мұнда өкілетті және міндетті жақтар заң негізінде әрекет жасайды және заңды жауапкершілік құқық негізінде іске асырылады, құқық нормаларының нақты жазалау шаралары, сол құқық бұзушылыққа арналған.

Заңдық жауапкершілік, егер, заңдық нормалар орындалмаған жағдайда, мемлекеттің оны мәжбүрлеп орындату мүмкіндігі, яғни мәжбүрлеу шараларына негізделетіні анық. Осыған байланысты заң әдебиеттерінде көптеген даулы сұрақтар туындаған. Позитивті заңдық жауапкершілікті жүзеге асыру кезінде «мәжбүрлеу» мүмкін бе? Егер «мәжбүрлеу» болмаса, кейбір авторлардың пікірінше позитивті жауапкершілікті мойындауға да болмайды.

Әрине, мемлекеттің құқық бұзушылық орын алған жағдайда мәжбүрлеу шараларын қолдануы дұрыс, бірақ, мемлекеттің мәжбүрлеу шараларын қамтамасыз етуі бұл құқыққа тән, яғни, құқықтың жеке нормаларына да тән.

Осы жағдайға байланысты біздің ойымызша дұрыс көзқарасты Н.А.Боброва мен Т.Д. Зражевская ұстанады. Олардың айтуынша «заңдық жауапкершіліктің әрекет етуі құқық қорғаушы құқықтық қатынастармен шектелмейді, ол құқықтың барлық саласында әрекет етіп, құқықтың тиімді жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Осылайша мемлекеттік мәжбүрлеудегі санкция - бұл заңдық жауапкершіліктің ең ақырғы, соңғы аядамасы болып табылады» [10, 16].

ҚР Конституциясының 34 бабында “әркім ҚР Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын; абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті” делінген. Бұл аспектіде жауапкершілік адамдарда өз міндетіне деген дұрыс көзқарасты тәрбиелейтін фактор, құқыққа сай жүріс-тұрысты насихаттайды деуге болады.

Заңды жауапкершіліктің мағынасы мен мақсаты субъектілердің бұзылған құқықтарын қалпына келтіру, құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті сақтау мен қорғау, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету болып табылады. Заңдық жауапкершіліктің міндеттері осыдан туындайды. Біріншіден, құқық бұзушылыққа кінәліні жазалау (жазалау міндеті). Екіншіден, құқықты қалпына келтіру және келтірген зиянды өндіріп алу, ысырапты өтеу (қалпына келтіру міндеті). Үшіншіден, құқықтық санада заңды мінез-құлық ниеттерін қалыптастыру және заңдық жауапқа тартылушы субъектінің де (жеке ескерту), құқық қатынасының басқа субъектілерінің де (жалпы ескерту) жанадан құқық бұзушылық жасауының алдын алу. Қазіргі уақытта бұл ереже ескірді.

Қазіргі кезеңде қоғамның даму тенденциясына сәйкес, жаңа қоғамдық қатынастар және құқықтық қатынастар пайда болуда. Бірақ бұл жағдайдың жағымсыз жағы да бар. Жаңа қоғамдық қатынастардың пайда болуы жаңа заң бұзушылықтардың пайда болуына түрткі болады. Бұл өз алдында заңдық жауапкершілік институтының мағынасы мен міндетін жаңартады. Заңдық жауапкершіліктің міндеті болып: адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан қорғау, құқық бұзушылықтардың алдын алу болып табылады.

Мақсаты заңды жауапкершіліктің мәнін терең тануға мүмкіндік береді, осы құқықтық құралдың көмегімен жететін нәтижелерді көрсетеді. Заңды жауапкершіліктің негізгі мақсаты субъектілердің құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті сақтау мен қорғау болып табылады. Құқық субъектілерінің мүддесін қанағаттандыру үшін, әлеуметтік байланыстарды әділ реттеу үшін осы құқықтық аспапты бекітеді.

Заңды жауапкершіліктің функциялары мақсатты анықтайды және осыдан туындайды. Оларды былайша бөлуге болады:

1) айыптаушы, құқықбұзушыға және кінәлі тұлғаға мемлекет тарапынан қолданатын жазасы (жазалау міндеті).

2) құқықты қалпына келтіру және келтірілген зиянды өндіріп алу, ысырапты өтеу (қалпына келтіру міндеті).

3) құқықтық санада заңды мінез-құлық ниеттерін қалыптастыру және заңдық жауапқа тартылушы субъектінің де (жеке ескерту), құқық қатынастарының басқа субъектілерінің де (жалпы ескерту) жаңадан құқық бұзушылық жасауының алдын алу.

Осы міндеттерді жүзеге асыруға заңды жауапкершіліктің келесі қағидалары қызмет етеді:

1. заңдылық қағидасы, заңда көзделген әрекет үшін кінәлі адамға заңды жауапкершілік заң шегінде ғана жүктеледі;

2. әділеттік, теріс қылық үшін қылмыстық жазалауға жол бермеушілік; жауаптылықты анықтайтын немесе оны күшейтетін заңның кері күші болмауға тиіс; зиян өтелуге тиіс; істелген әрекеттік ауырлық жазасы мен кінә дәрежесінің мөлшерлілігі; бір құқықбұзушылық үшін бір ғана жаза қолданылуы мүмкін;

3. ізгілік, адамның қадір-қасиетін кемітетін жазалау шараларын, азаптауды белгілеу мен қолдануға тиым салу;

4. негізділік, ісінің мән-жайын жан-жақты зерттеу және адам жасаған нақты құқық бұзушылық фактісін объективті ақиқат ретінде анықтау;

5. бұлтартқызбаушылық (құтылмайтындық), заңды жауапкершілікке тартылатыны анық, құқықбұзушылықтың қимылды, сапалы және толық ашылуы, кінәлі адамға деген мемлекет тарапынан міндетті және тиімді реакциясы;

6. орындылық таңдап алынатын ықпал ету шараларының заңды жауапкершілік мақсаттарына сәйкестігі, оны дараландыру және саралау, кінәні ауырлататын мән-жайларды да, жұмсартатын мән-жайларды да есепке алу;

7. мақсатқа лайықтылығы, құқықбұзушыға қолдануға тиісті жазаның заңды жауапкершілік мақсаттарына сәйкестігі, оны дараландыру және саралау, кінәні ауырлататын мән-жайларды да, жұмсартатын мән-жайларды да есепке алу.

Құқық бұзушылықтың түрлеріне сәйкес заңды жауапкершілік былайша жіктеледі:

-қылмыстық жауаптылық (тек қана қылмыс үшін қолданылады; ешкімді соттың үкімінсіз жасалған қылмысқа кінәлі деп танылмайды және қылмыстық, қылмыстық процесстік, қылмыстық атқару заңдарына сәйкес қана қылмыстық жауаптылыққа тартылады; қылмыстық жазалау шаралары – бас бостандығынан айыру т.б.)

-әкімшілік жауаптылық (әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдардың негізінде әкімшіліктік теріс қылықтар жасалуына байланысты туындайды және ескерту, айыппұл, арнайы құқықтан айыру, әкімшіліктік қамау және т.б. қолдануда көрінеді)

-азаматтық жауаптылық (мүліктік сипаттағы шаттық міндеттемелердің бұзылуынан туындайды). Келтірілген залалды толық өтеу – азаматтық – құқықтық жауаптылықтың негізгі қағидасы; залалдарды өтеу кей жағдайда айып төлеу санкциясымен толықтырылады.

-тәртіптік жауаптылық (еңбек, оқу, қызметтік, әскери тәртіптерді бұзғаны үшін қолданылады; тәртіптік жаза тағайындау үшін тәртіп бұзушыдан түсініктеме талап етілуі тиіс; кәсіпорын, мекеме, ұйымның әкімшілігімен, қызметкерлердің жекелеген санаттарына тәртіптік алқамен қолданылады; тәртіптік жауаптылық шаралары – ескерту, сөгіс, жұмыстын шығару)

-материалдық жауаптылық (жұмысшылар мен қызметкерлер өздерінің еңбектік міндеттерін орындау кезінде кәсіпорын, мекеме, ұйымдарға залал келтірумен байланысты туындайды)

Заңдық жауапкершілік - мемлекеттің және қоғамның жасалған құқық бұзушылыққа көңіл аударуы, мемлекеттік мәжбүрлеу, кінәлілердің міндетті түрде жеке басымен не мүліктік сипаттағы жазалануының қажеттігін көрсетеді. Заңдық жауапкершілік бұзылған құқықты орнына келтіру, құқық бұзушыны өзінің құқықтық міндетін орындауға мәжбүрлеу, сонымен қатар, оны және басқа адамдарды құқыққа қарсы әрекет жасаудан сақтандыру.

Кез келген заңға қайшы іс әрекет заңды жауапкершілікті туғызады. Бірақ мән-жайлар жауапкершілікті тудырмайтындығы заңдарда арнайы қарастырылған.

Мемлекет және құқық теориясында іс әрекетті заңды қайшылығын жоққа шығаратын жалпылыма түрде қарастырылатын мән – жайлар:

1. ақыл есінің кемдігі (тұлғаның өз әрекетіне есеп бере алмауы).

2. қажетті қорғану (қорғанушы немесе басқа тұлғалардың жеке басы мен құқығын, қоғам немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамдық қауіпті әрекеттерден нұқсан келтірушіге (қажетті қорғану шегінен аспай) зиян келтіру жолымен қорғау кезінде болады).

3. қылмыс жасаған тұлғаны ұстау (билік органына жеткізу үшін және қылмыс жасаушыны ұстау басқадай жолдармен мүмкін болмаса оған зиян келтіре отырып жаңадан қылмыс жасау ықтималдығын болдырмау мақсатында жол беріледі).

4. аса қажеттілік (егер тұлғалардың жеке бастары мен құқықтарына, қоғам немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне төнген қауіпті басқадай жолармен жою мүмкін болмаса және келтірілген зиян тойтарылған зияннан аз болған жағдайда жол беріледі).

5. физикалық және психологиялық мәжбүр ету (егер тұлғаның заңды мүддесіне зиян келтіру салдарынан ол өзін-өзі билей алмаса жол беріледі).

6. орынды тәуекел (қоғамдық тайдалы мақсат үшін заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтірілген жағдайда жол беріледі).

7. бұйрық немесе өкімдерді орындау (заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтірген жағдайда, тұлға өзіне міндетті болып табылатын бұйрықты орындау кезінде жол беріледі).

8. қоғамға қауіп төндірмейтін елеусіз құқық бұзушылықтар.

9. казус (оқиға) және т.б.

Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңдарында тиісті заңды жауапкершілік түрлерінен босататын нақты негіздер бекітілген.

Заңды жауапкершілік мемлекеттік мәжбүрлеумен байланысты. Жауапкершілік – мәжбүрлеудің өзі емес, ол құқықтық нормалардың санкцияларына сәйкес төзу міндеті болып табылады. Яғни, құқық бұзушыға мемлекеттік мәжбүрлеу шарасын қолдану заңды жауапкершілікті жүзеге асыру [11, 112].

Қорытындылай айтайық дегеніміз, заңдық жауапкершілік институты тек қана теоретикалық жағынан мыңызды ғана емес, сондай-ақ, тәжірибелік жағынан маңызы өте зор. Ол құқықтық қатынстардың барлық саласын қамтитын, кең ауқымды институт.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Тугаринов В.П. Личность и общество. – М.: Мысль, 1965. 188с.
2. Байгин.М.И. Вопросы общей теории государства и права. - Саратов: СГАП, 2006.-398с.
3. Ибраева А. С. Теория государства и права - Алматы: Жеті жарғы, – 2008.- 424с.
4. Хачатуров,Р.Л. Общая теория юридической ответственности СПб.: Изд. Юридический центр Пресс, 2007. – 950 с.
5. Волкв Б.С. Детерминическая природа преступного поведения. - Казань: Изд-во Казан. ун-та, 2005. - 109 с.
6. Строгович М.С. Сущность юридической ответственности // Советское государство и право №5, 1995.- 73с.
7. Недбайло П.Е. Система юридических ганации применения советских правовых норм // Правоведение №3, 1971. - 51с.
8. Назаров Б.Л. О юридическом аспекте позитивной социальной ответственности // Советское государство и право №10. 1981. - 29 с.
9. Смирнов В.Н. Обеспечение трудовой дисциплины и бережного отношения к общенародному достоянию средствами трудового права // Проблемы правового регулирования труда в социалистическом обществе - Ленинград, 1984. -191с.
10. Боброва Н.А. Зражевская Т.Д. Ответственность в системе гарантий конституционных норм – Воронеж, 2003. - 202 с.
11. Базылев Б.Т. Юридическая ответственность как охранительное правоотношение // Советское государство и право №8, 1980. - 122 с.